

«Если делаешь кому добро, то не возлагай на него обязанность, ответить тем же».

«Душу и тело храни в чистоте, как этот родник, ибо, когда смотришь в него, то видишь, как в нем отражаются блеск солнца и отсветы травы, если они глядятся в него, поэтому душу, как этот родник, держи открытой для всех, - пусть в ней видно будет все» [2, с.169-170].

В заключении следует добавить, что каждого педагога можно назвать щедрым человеком, ибо он щедро дарит подрастающему поколению знания и богатство своей души. Изучайте наследие И. Алтынсарина, используйте произведения в своей работе с детьми и воспитывайте настоящих патриотов своей Родины!

Список литературы

1. **Ибрай Атынсарин.** – Википедия. [Электронный ресурс]. URL: [https://ru.wikipedia.org › wiki › Ибрай_Атынсарин](https://ru.wikipedia.org/wiki/Ибрай_Атынсарин)
2. **Сулейменов Б.С.** Алтынсарин И. **Избранные** произведения. – Алма-Ата, 1957, 462 с. [Электронный ресурс]. URL: [https://pubhtml5.com › page › woxz › basic, published by bibl_sever, 2019-08-28](https://pubhtml5.com/page/woxz/basic/published_by/bibl_sever) ›
3. **Подласый, И.П.** Педагогика. [Текст]: Учебник / И.П. Подласый. – М.:Высшее образование, 2016, 2 изд. – 398 с.
4. **Педагогика.** [Текст]: Учебник / Сост.: Н.Д. Хмель, Б. И. Хайруллина. – Алматы: Print-S, 2005. – 364 с.

ӘОЖ 37.013

Ы.АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКА

Сулейменова Қ. Қ. – қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы, КМҚК «Лисаков техникалық колледжі», Қостанай облысы, Лисаков қ.

Мақала ұлы ұстаз, қазақ халқының ұлы, жерлесіміз Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына арналған. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және осы күрделі білім беру процесінде мұғалімнің рөліне ерекше назар аударылады. Автор білім алушылармен жұмыс жасау процесінде қолданатын әдіс-тәсілдерінің сипаттамасын береді.

Кілт сөздер: Заманауи, білім беру, қағида, әдіс-тәсілдер, технология, өз бетінше, деңгей, шығармашылық, талдау, міндеті, бағалау.

Егемен еліміздің жас ұрпағына білім мен тәрбие беру Заңын іске асыруда халыққа білім берумен бірге жауапты міндеттер жүктеледі. Мектептің тірегі де, жүрегі де, білімнің тұтқасы да – мұғалім. Баланың тағдыры, болашағы мұғалімнің қолында. Қай заманда болмасын бала тәрбиесі назардан тыс қалып көрген емес. Қазіргі уақытта жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу мәселесі – ең маңызды мәселелердің бірі. Бұл жолда ғылыми бағыттармен бірге, ғасырлар бойы өзін-өзі дәлелдеп, сыннан өткен ғұлама-даналар, кемеңгер тұлғалар жас ұрпақ тәрбиесінде сан ғасырларға жетерлік ұлағатты өсиеттер, пікірлер қалдырды.

XIX ғасырда қазақтың күнгірт көгінде жарқыраған жұлдыздардың бірі Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин болғаны әлемге аян. Ол өзінің туған халқы сол бір тұңғышқа тіреліп тұрған кезде, мүлгіген сахарда білім шырағын жарқыратып жағу үшін бар өмірін сарп етті. Ыбырай мектептер ашып, халық ұйымдастыру ісімен ғана тынған жоқ. Оның әлеуметтік пайдалы, тәрбиелік мәніне де көп көңіл бөліп отырды.

Табиғи талантының нәтижесінде және өздігінен терең зерттеу барысында Ыбырай Алтынсарин оқыту теориясының негізгі қағидаларын жан-жақты ашып, оның әдістемелік жолдарын көрегендікпен нұсқап, бұл салада өшпестей із қалдырды. Ыбырай шығармашылығының өн бойында білімді меңгеру жолы, оның әдіс-тәсілдері өте тапқырлықпен айтылған. Дидактикалық мәселелерін даналықпен нұсқай білген.

Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ: білім алушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру; білім алушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру. Мұғалім білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, білім алушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды

қолдану болып табылады. Жаңа технологияларды күнделікті сабақта пайдалану үшін, әр мұғалім білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсат-мүддесіне және өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Сол себептен, педагогика ғылымының докторы, профессор Қараев Жауынбай Амантұрлыұлының «Әр түрлі деңгейде оқыту» технологиясының элементтерін оқыту процесіне кіріктіру арқылы білім алушының білім сапасын көтеруді мақсат ете отырып, сабақта деңгейлік тапсырмаларды қолданамын.

Мақсаты:

Білім алушының өз бетінше жұмыс жасау барысында білім,білік, дағдыларын қалыптастыра отырып білім деңгейін көтеру.

Міндеттері:

- білім алушылардың тақырыптық емлесін қаншалықты меңгергенін анықтау;
- өз бетінше жұмыс жасауға дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушыны өз жұмысын талдай білетін, бағалап, түзету жолдарын білуге баулу (критериалды бағалау);
- қарапайым білімдерін кеңейтіп, танымдық ізденістерін қалыптастыру;
- ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру;
- жеке даму динамикасын, ынтасын дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Қазақ тілі» оқу бағдарламасына сүйене отырып, қазақ тілі сабағындағы тақырыптар бойынша 4 деңгейде тапсырмалар құрастырдым. Әрбір тақырып бойынша осы тапсырмалардан білім алушының білім деңгейі көрінеді. Екінші кезең «Түзету» бөлімінде қате жіберілген тақырыптар бойынша оқулықтан тапсырмалар беріледі және аудиториядан тыс жұмыс ұйымдастырылады.

Бірінші деңгей – деңгей тапсырмалары білімнің минималды шегі, ол мемлекеттік стандарт талабына сай білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес деңгейі. Бұл міндетті болғандықтан барлық білім алушы тапсырманы толық орындауы тиіс.

Екінші және үшінші деңгей – алгоритмдік деңгей кезеңіне көтерілгенде тапсырмалар күрделене түседі. Бұл деңгейде өтіп кеткен материалды білім алушы талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ күрделене түскен тапсырмаларды орындайды. Білім алушының бойында ойлау, таным дағдылары қалыптаса бастайды.

Төртінші деңгей – эвристикалық деңгей. Өз бетінше жұмысты қалыптастыру мақсатында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Бұл деңгейді шығармашылықпен жұмыс істей алатындай, ойын дәлелдей алатын қабілетті білім алушылар орындайды. Ол талдау, жинақтау, салыстыру сияқты танымдық жұмыстар жүргізеді. Бағалау «балдық» жүйемен жүзеге асырылады.

Бірінші деңгейдің тапсырмалары қатесіз және уақытында орындалса, 5 балл қойылады, ол «қанағат» деген бағаға сәйкес.

Екінші деңгейге – 10 балл қойылып, «жақсы» деген бағаға сәйкес болады, үшінші деңгейге – 15 балл, төртінші деңгейге – 20 балл. Үшінші және төртінші деңгей «өте жақсы» деген бағаға сәйкес. Жай тапсырмадан күрделіге дейін тапсырмалар ретімен орындалады.

Міндетті деңгейлі тапсырма өтілген жаңа сабақты бекітуге және өткен сабақтарды пысықтауға арнап құрылады. Келесі деңгейдегі тапсырмалар алдыңғыдан күрделі және түрлендірілген болады. Осы тапсырмаларды өз бетімен орындау – шығармашылық жұмыс бастамасы. Келесі төртінші деңгейді орындайтын білім алушылар бірте-бірте дараланып шыға бастайды. Шығарма жазуға қабілетті, сөз байлығы мол білім алушылар шығарма жазады, өлең шығаруға қабілеті бар білім алушылар өлең шығарады.

Сыныптан тыс уақытта жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы көбірек ұпай жинап, көтеріңкі баға алуға мүмкіндік беріледі және дамыта оқыту принципі орындалады. Нәтижесінде білім алушылардың табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттерінің ашылуына жағдай жасалады.

Бұл технология бойынша жұмыс істеудің тиімді жақтары:

- Әр білім алушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады.
- Деңгейлік тапсырма орындау барысында дамыту принципін басшылыққа алып, білім алушылар деңгейін жоғары сатыға көтереді.
- Білім алушының жеке қабілеті айқындалады, бір-бірінен қалмауға тырысып, талпынады.
- Білім алушылардың ақыл-ойы, өзіндік дүниетанымы, шығармашылық қабілеті, оқу сапасы арта түседі.

Білім алушының сабаққа қызығушылығын, шығармашылық қабілетін жетілдіруге деңгейлік тапсырмалардың зор мәні бар. Олар қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте көшіп, жоғары – шығармашылық сатысына жетеді. Шығармашылық тапсырмалар білім алушының ойлау қабілетінің өсуіне, эстетикалық сезімдерінің оянуына және тілдерінің дамуына әсерін тигізеді. Тіпті олардың дүниетанымы кеңейіп, өмірдің мәнін түсінуге үлкен қызмет атқарады.

Ыбырай ұсынған пайымдаулар бүгінгі педагогика ғылымымен үйлесе үндесуімен бірге, арайлы ертеңіне бағдар берерліктей білгірлікпен айтылған даналық ойларын ұғынып, одан тағылым алып,

мақтан етуге тиістіміз. Ұлы тұлғаның мына сөзі барлық ісіне дәлел болғандай: «Қазақ халқы фанатизм сырқатынан аулақ, оның талабы біреулер салып берген сүрлеуге сыймайды: халықтың ой-пікірі еркін, келешекте сана-сезімін көтере түсу үшін жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр». Ұлы ұстаздың бұл арманы қазір іске асты. Оған – бүгінгі педагогиканың болмысы куә, заман куә.

Жан-жақты талант иесі Ыбырай есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Ол арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән-маңызы мен қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай өзінің шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Әдебиеттер тізімі

1. **М.Мамажанов** «Асыл мұра», / Алматы, 1993 ж.
2. **Е.Ысмайылов** «Әдебиет жайлы ойлар» / Алматы, 1968 ж.
3. **Ж.Кобдикова** «Деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясы», Республика Ұстаздары, 28 желтоқсан 2004 ж.
4. **Б.Қадірова** «Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру жолдары», Қазақ тілі мен әдебиеті, 2/1994 ж.
5. **М.Әуезов** «Ы.Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері», Уақыт және Әдебиет / Алматы, 1950 ж.
6. **Ә.Сыздықов** «Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» / Алматы, 1969 ж.

УДК 37.017

ЫБЫРАЙ МЕКТЕБІ

Сүйінкина Б. Б. – арнайы пәндер оқытушысы, Қостанай педагогикалық колледжі, Қостанай облысы.

Мақалада ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің қазақ жерінде білім беру саласының негізін қалаған ізашар, бастамашыл тұлға екендігі; оның педагогикалық тәжірибесінде кейінгі ұрпақ өкілдері – мұғалімдерге – өнеге боларлық, сабақ аларлық ұстаздық мектеп қалыптасқаны туралы, оның мұрасының мәңгілік өшпес құндылық саналатыны сөз болады.

Кілт сөздер: ағартушы, педагог, мектеп, мұғалім, білім, тәрбие, құндылық, тәжірибе, ұстаздық мектеп.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметтегі тәжірибесі өміршең, қашанда өзекті болып қала бермек. Неге десеңіз, ұлы ағартушы мұрасы – мән-маңызын жоғалтпайтын, әлі де ғасырлар бойы бағыт-бағдар сілтейтін баға жетпес құндылық. Сондықтан Ыбырай тағылымынан нәр ала отырып, ұстаздық ету қай заманда болсын, өз жемісін берері анық. Ыбырайша еңбек ету үшін, оның өнегесін басшылыққа алған абзал деп санаймын.

Ұлы ұстаз мұрасын ширек ғасырдай уақыт бойы зерттеп, зерделей жүріп, оған қатысты жазған мақалаларым «Қазақстан мектебі», «Білім-Образование», «Қостанай таңы», «Білімді ел-Образованная страна», «Егемен Қазақстан» және т.б. басылымдарда жарық көрді. Сол мақалаларым мен түрлі деңгейдегі конференцияларға арнап жазған баяндамаларымның басын біріктіріп, 2017 жылы баспаға әзірлеген кітабымды «Ы.Алтынсарин-кәсіптік білімнің негізін салушы» деп атадым. Ыбырай мұрасына үңілген сайын, ұлы ұстазды жаңа бір қырынан танығандай боламын. Қазақтың тұңғыш педагогінің білім беру саласындағы қызметін тағы бір мәрте саралай отырып, енді, міне, оның мұғалім, тәлімгер, әдіскер ретіндегі тәжірибесін ұлы ұстаз мектебі деп атауға болатынын пайымдадым. Мұндай тұжырым жасауым, әрине, негізсіз емес.

Ыбырайдың ұстаздық мектебі дегенде, әдетте қолданыстағы «аударма мектебі», «өмір мектебі» секілді тіркестер тілге оралады. Мұндағы «мектеп» сөзі ауыспалы мағынаны білдіреді. Анықтамасына жүгінер болсақ, мәнісі былайша тарқатылыпты: «Бір нәрсені үйреніп шығу, тәжірибе алу орны [1, 390]. Ыбырайдың педагогикалық мұрасы – мұғалімдер қауымы үшін өзінше бір мектеп, нағыз ұстаз болып қалыптасу мектебі.

Ыбырай бабамыз- қазақ жерінде алғаш рет білім әлеміне бет бұрып, тыңнан түрен сала білген жаңашыл тұлға. Елімізде жаңа үлгідегі мектептер ашып, сол мектептер үшін оқулықтар жазды. Тіпті оқушылар пайдаланатын оқу құралдарын да өзі таңдап, сарапшы рөлін де атқарды. Ол өмір сүріп,